



## АҚПАРАТ

ЕҢБЕК  
ЕР АТАНДЫРДЫ

Жамбыл жүк тасымалы бөлімшесінің бір топ теміржолшысы түрлі наградалармен марапатталды. Соның ішінде Индустрия және инфрақұрылымдық даму министрлігінің «Құрметті теміржолшы» белгісі Жамбыл локомотив пайдалану депосының электровоз машинисі Әбдісапар Сүйіндіковке тапсырылды. Салтанатты рәсімде бөлімше директоры Үмітбек Рысбеков сөз сөйлеп, елдегі орын алған төтенше жағдайға байланысты сонау теміржолшылардың кәсіби мерекесіне орай ұсынылған марапаттар кеш те болса месін тауып отырғанын жеткізді.

Бөлімше басшысы апаттардың және пойыздардың қозғалыс қауіпсіздігін бұзудың алдын алуға ерекше қырағылық, батылдық пен тапқырлықтың үлгісін көрсеткені үшін бірқатар теміржолшы өңіріне «Қозғалыс қауіпсіздігі үшін» төсбелгісін тақса, енді бірқатарын «Кәсіби бойынша үздік» төсбелгісімен марапаттады. Сондай-ақ «Үздік маман» атағын, Құрмет грамотасын, Алғыс хат еншілеген теміржолшылардың да мерейі үстем болды.

Үмітбек Есмерұтұлы ағымдағы жылы еліміз Түркісіб теміржолының 90 жылдығын атап отырғанын да айтып өтті. «Биыл теміржолшылар үшін аса табысты жыл болып тұр. Түркісбінің мерейтойын атап өту үстіндеміз. Одан бөлек, Әулиеата топырағына шойын жолдың тартылғанына 100 жыл толып отыр», – деді бөлімше директоры.

Өңірдегі теміржол саласының дамуы жөнінде де сөз болды. Бөлімшеге қарасты 1 236 шақырым теміржолдың 90 пайызынан астамы электрлендірілген. Жаңғырту жұмыстарын жемісті жүргізу нәтижесінде жыл басынан бері бөлімше тәулігіне 3 927 вагон қабылдап, оның 3921-ін жөнелткен. Ал былтыр осы уақыт аралығында бұл көрсеткіш 3559 және 3557 вагонды құраған болатын. Асхат РАЙҚҰЛ, Тараз

## ТАСЫМАЛ

ПАНДЕМИЯНЫҢ  
КЕРІ ӘСЕРІ

Шымкент жүк тасымалы бөлімшесі бойынша осы жылдың он айында тиелген жүк көлеміне пандемия кері әсерін тигізгенін байқатты. Логистика және тасымалдауды ұйымдастыру бөлімі жүк артудың азайғанын елімізге COVID-19 коронавирусы індетінің таралуына орай төтенше жағдайдың енгізілуімен байланыстырады.



Сондай-ақ Шымкент қаласы мен Түркістан облысы бойынша да карантин жариялануы жүктер артылымының төмендеуіне ықпал еткен. Жүк артуда жоспар бойынша 147 010 вагон болса, ол 149 185 вагон – 8 859 556 тоннаға жетіп, жеке 102,6% асыра орындалған. Ал техникалық жоспар бойынша 144 080 вагон, нақты орындалғаны 149 185 вагонға жетті. Дегенмен, өткен жылдың он айымен салыстырсақ, жүк 97,9% тонна, 4251 вагонға азайған.

– Текесу станциясындағы клиентіміз «UTS» ЖШС 9708 вагонды жөнелтпей қалды. Оның себебі, қаңтар айындағы акциз бағасының қымбаттап кетуі және тұтынушыдан тапсырыс түспегені әсер етті. Тоғыс станциясында «Шымкентцемент» АҚ да құрылыс материалдарын тиеуді тоқтатқан. Себебі зауытта 3 қаңтардан 16 ақпанға дейін күрделі жөндеу жұмыстары жүргізілді, – дейді Логистика және тасымалдауды ұйымдастыру бөлімінің басшысы Нұрлыхан Қанаев.

Жоспар бойынша қара металл 1247 вагон 76975 тонна болса, соның 775 вагоны ғана тиеліп, 69% ғана жоспарды жапқан. Яғни жүк арту 472 вагонға азайып кеткен. 18 вагоннан бас тартылған және 144 вагон игерілмей қалған, салдарынан 579 665 теңге айыппұл өндірілді. Өткен жылғымен салыстырар болсақ, жүк арту 77 пайызды құраған екен.

Машина және құрал-жабдықтар артудың жоспары 171 вагон 3386 тонна болса, 114 вагоны артылған. 57 вагонға тасымал азайған. Қара лом металл 882 вагон артылып, жоспар 81 пайызға жеткен. Алайда, мұнда да тасымал 322 вагон-12527 тоннаға азайған.

60 вагон қант, яғни 4040 тонна артылып, жоспар 36% құрады. Қант тасымалында да жүк арту 105 вагон-7185 тоннаға азайған. 25 вагон кері қайтарылып, 9 вагон игерілмей қалды, салдарынан 35789 теңге айыппұл өндірілді.

Азық-түлік тауарлары да 128 вагонға азайып, жоспар бойынша 2528 вагон бекітілмей қалды. Ұн арту 4010 вагонды құрады. Ол да 403 вагонға азайып, бекітілмеген жоспарымен салыстырғанда 719 вагон 24009 тоннаға азайған. Техникалық жоспар бойынша статикалық жүктеме 58,84 тонна болса, нақты 59,39 тоннаға жетіп, 100,9% құрады. Өткен жылмен салыстырғанда 58,97 тонна 100,7% орындалды, – деді Н.Қанаев.

Жансая СЫДЫҚБАЙ, Шымкент

Суретті түсірген автор

## ШАҒЫН БЕКЕТ

## МАҚТААРАЛДАН ТЕК МАҚТА ТИЕЛЕДІ

Шымкент жүк тасымалы бөлімшесіне қарасты Мақтаарал станциясын екіншісі біле бермейді. Оңтүстік өңірінің ең ыстық нүктесіндегі бұл шағын бекет, теміржолшылардың тілімен айтқанда, түкпірдегі тұйық станцияға жатады. Бүгінде станция бастығымен қосқанда 11 теміржолшы еңбек етеді.

Жан ПЕРДЕБЕК,  
Түркістан

Жолаушы пойызы жүрмейтін, жүк құрамалары да сирек жүретін станцияда 4 станция кезекшісі, 2 пойыз құрастырушы, 1 жүк қабылдап алушы, 2 пойыз қабылдап алушы және 1 жүк кассирі бар.

Станция бастығы Ғабит Сүйінов жыл басынан бері 288 вагон, 16997 тонна мақта артылып, 4557 вагон, 276874 тонна жүк түсірілгенін жеткізді. Небәрі төрт жолды станциядан тек мақта өнімі ғана артылады. Аты айтып тұрғандай, оңтүстікте мақта өсірумен айналысатын аудан болғандықтан негізгі өнім де осы мақта.

Станцияда ағымдағы жылы қозғалыс қауіпсіздігі



бұзылмаған, ешқандай да ақау, апат оқиғасы орын алмаған. Жолшылар станция жолын күтіп-баптап ұстаса, ШЧ мен ЭЧ жұмысшылары байланыс жүйесін бақылауда ұстап, қуат көзімен үздіксіз қамтамасыз етіп тұрады.

– Шағын ғана станцияда он шақты теміржолшы еңбек етеміз. Жүк көп тасымалданбайды, вагон ағытып, жөндемейміз. Қозғалыс аз болған соң мал басып кету, адам қағу оқиғалары да жоқтың қасы. Дегенмен, станция АСУ ДҚР жүйесіне қосылған, қағазсыз технологияның қызығын біз де көріп жатырмыз. Карантин кезінде де жұмысты жоспарға сай орындадық.

## НӘТИЖЕ

## «ТАСТАНДЫ» ПОЙЫЗДАР ҚАЛЫПТАСУЫНА ЖОЛ ЖОҚ

Семей ЖТ бөлімшесі бойынша ағымдағы жылы баса көңіл аударған жоспарлы шаралардың бірі жол айрықтарында тастанды пойыздардың қалыптасуына ықпал ететін жайттардың алдын алу болатын. Қазіргі таңда бұл бағыттағы қолға алынған тың әдіс-тәсілдер өз нәтижесін беруде.

Қуаныш ҚОЖАЕВ,  
Семей

Бөлімше бойынша жүк пойыздарының станцияларда белгіленген уақытынан артық кідіріп қалуы – осыған дейін де «бас ауыртып» келген күрмеулі мәселе. Оған себеп, бөлімшенің іргелес Ресей мен Қытай елімен шектесетін Алматы ЖТ бөлімшесіне пойыздар жөнелтуде туындайтын қиындықтар болатын. Әсіресе, жүк тиелген транзиттік вагондардың көрші бөлімшеден келуі тиіс тепловозды күтіп тұрып қалуы – жиі орын алатын жағдай. Диспетчерлік қызметтің жетілдірілуі және бөлімшелер басшыларының осыған дейін жүргізілген келіссөздері нәтижесінде бұл келеңсіздік биылғы жылы біршама төмендеді. Мәселен, вагондардың шекаралық аумақтағы техникалық станцияларда тұрып қалуы ағымдағы жылдың 10 айы бойынша 13,66 сағат қана болған. Бұл – бұрынғы жылдарға қарағанда біршама төмен көрсеткіш.

– Жыл үлесіндегі қол жеткізілген нәтижені әлі де төмендетіп, жоспар бойынша пойыздар кідірісіне біршама аз уақыт белгілеуге болар еді. Биылғы карантиндік шектеулер әсер етті. Әсіресе, Ресеймен шек

тесетін Ауыл станциясында шекарадағы құжаттық тексерістер, тепловоздарды дезинфекциялау сынды шаралар уақыт алып қойды, – дейді бөлімшенің өндірістік-техникалық бөлімінің мамандары.

Айта кетер бір жайт, тастанды пойыздарды болдырмау мақсатында локомотив бригадасының ортатәуліктік өнімділігін арттыруға да мән берілген. Яғни, Алматы, Павлодар және көрші елдің Батыс Сібір бөлімшесінен қабылданатын пойыздар кідірілмейді деген сөз. Бұл бағыттағы жұмыс өнімділігі 101,8 пайызға орындалған.

Осынау шаралардың сыртында телімдік жылдамдық вагон айналымы, тораптық станциялардағы пойыздарды сұрыптау да жоғарылаған. Соның нәтижесінде жүк вагондарының динамикалық жүктемесі жоспар бойынша 104,0 пайыз орындалды.

Семей ЖТ бөлімшесі еліміздің күнгейін Ресейдің Сібір бөлігіндегі ірі өнеркәсіптік аймақтарымен жалғайтындықтан, әрі Орта Азиядан қабылданатын транзиттік жүктер ағынын қамтамасыз ететіндіктен аталмыш бағыттағы шаралардың жоспар аясында жүзеге асырылуына күш салынады. Яғни, жүк пойыздары диттеген жеріне кідіріссіз жетугі тиіс.

Биылғы шаралар жоғары нәтиже берді деу-



ге болмағанымен жылдағы көрсеткіштермен салыстырғанда біршама ілгерілеу бар. Соңғы он айдағы іс-шаралардан жиналған тәжірибе алдағы уақытта бөлімше бойынша өткізілетін техникалық дәрістер мен семинар-кеңестерде кеңінен талқылануы, қызметтік дағдыға енгізілмеу. Бөлімшенің көрсеткіштеріне Өскемен өңіріндегі эксплуатациялық жұмыстар да әсері барын ескеру керек. Биылғы жылы біріккен қос бөлімшенің көрсеткіштері әзірше екі бөлек есептеледі.

Суретті түсірген автор

## ЛОКОМОТИВ ШАРУАШЫЛЫҒЫ

## ЕҢБЕК ЖАҒДАЙЫ ТОЛЫҚ ЖАСАЛҒАН

Атырау локомотив пайдалану депосының локомотив бригадалары өз жұмысын оңтайлы жүргізіп, магистральдық және маневрлік қозғалыс түрлерінің үздіксіз тасымалдау қызметі бойынша жүк-телген міндетті абыроймен атқарып келеді.

Қосұйым МҰҚАШЕВ,  
Атырау

Депо басшысы Қуаныш Тауановтың айтуынша, өткен 10 айда пойыздық, маневрлік жұмыстарда ақау мен қызметкерлердің қарақат алу жағдайы болмаған. Ал күзгі комиссиялық тексеруге локомотив пайдалану паркіндегі барлық 26 тепловоз жатқызылып, толық тексеруден өтті. Олар 9 магистральдық, 12 маневрлік және 5 жолаушы тепловозы. Тұтастай алғанда, тепловоздардың жай-күйі «жақсы» деп бағаланып, нәтижесінде 4,0 балл құрады. Сонымен қатар, күзгі тексеру кезінде локомотив бригадаларымен тепловоздардың сыртқы келбетін ретке келтіру, тепловоздар және машинист кабиналарын, поликтерді техника және өрт қауіпсіздігі талаптарына сәйкес сырлау, жазғы майды қысқыға ауыстыру жұмыстары жүргізілді. «Дженерал Электрик» 2ТЭ10МК сериялы модернизацияланған тепловоздар, жолаушы және маневрлік тепловоздар «Қамқор» локомотив жөндеу депосында жөндеуден өтеді. Қазір жол жақсарды, жолдың сапалы жөнделуі жүк және жолаушылар пойызының



жылдамдығына жағымды ықпал ететіні анық. «Бұрын сағатына 60 шақырымдық жылдамдықпен жүретін еді, енді 100-ге дейін жылдамдықты арттыруға мүмкіндік бар» дейді машинистер. Депоның жолаушылар және жүк тепловоздарының қызмет көрсететін телімі Атырау-Ганюшкино-Ақсарай, Атырау-Мақат-Құлсары аралықтары қамтиды. Бұл учаскелерде ағаш шпалдар темірбетонға ауыстырылууда, сондықтан жылдамдықтың артуы заңды.

Депо бойынша 10 айда тасымал көлемі 100,37 пайызға орындалып, 6738,484 млн тонно-км бруттоға жетті. Локомотивтің жалпы жүрісі 2676,492 км болып 97,66%-ды құрады, ал локомотив сағат – 64189, 104,70%, орташа тәуліктік өнімділігі – 2447 тонна-км брутто, пойыздың орташа салмағы былтырғы жылғыдан артып, 4281 тоннаға жетті. Техникалық жылдамдық – 49,73 км/сағ, 99,41%. Локомотивтің орташа тәуліктік жүрісі 666 км болып, 105,06%-ды құрады. Көріп отырғанымыздай, негізгі көрсеткіштер жоғары. Өткен мерзімде депо тепло-

воздарымен 5037 жүк тиелген пойыздар тасымалданған, оның ішінде 2260 пойыз ауыр салмақты.

Еңбек қорғау және қауіпсіздік саласы бойынша бөлінген қаражат депода толықтай игеріліп келеді. Оның ішінде жұмысшылардың денсаулығын сауықтыруға, оқытуға, біліктілігін көтеруге де қаражат бөлінген. Жұмысшылардың санитарлық-тұрмыстық жағдайын жақсартуға да жеткілікті көңіл бөлініп: кір жуғыш машина, қысқатолқынды пеш, сплит-жүйе, тоңазытқыш, т.б. бірқатар тұрмыстық заттар алынған. Бүгінгі күнде сабын, кіржуғыш ұнтақ, қолғап, құлақшы, аяқ киімдермен, сондай-ақ COVID-19 індетінен сақтануға арналған маскалар, антисептик, басқа да қорғаныш құралдарымен жұмысшылар жүз пайыз қамтылып отыр. Айта кетерлігі, пандемия алғаш басталған уақытта ең бірінші боп дезинфекция жұмыстарын жүргізген де осы Атырау депосы болды.

Машинистер мен олардың көмекшілері жыл сайын білімін жетілдіру мақсатында Ақтөбе қаласындағы оқу орталығына жіберіліп отырады.

Суретті түсірген автор

## СЕРВИС

## 600 ВАГОНОВ ДЛЯ ПАССАЖИРОВ

До конца текущего года АО «Пассажирские перевозки» планирует приобрести 50 новых пассажирских вагонов. К 2025 году парк национального перевозчика пополнят 600 вагонов.

## Роман ЛЮБИМОВ

Ежегодно в рамках госпрограммы по обновлению парка АО «Пассажирские перевозки» предусмотрен закуп 100 вагонов. В 2020 году приобретено 50 единиц, которые

уже осуществляют перевозку казахстанцев по маршрутам Нур-Султан – Аркалык (14), Нур-Султан – Семей (8), Атырау – Мангистау (18), Алматы – Жезказган (10).

В ближайшее время планируется приобретение еще 50 пассажирских



ких вагонов вагонов для направлений Кызылорда – Семей, Алматы – Оскемен, Нур-Султан – Семей, Алматы – Мангистау.

Стоит отметить, что в прошлом году АО «НК «ҚТЖ» обновлено 109 вагонов.

Фото автора

## БЕЗОПАСНОСТЬ

## ОТ РЯДОВЫХ ДО РУКОВОДИТЕЛЕЙ

В Алматинском регионе разработаны профилактические и корректирующие меры по обеспечению безопасности движения поездов и недопущению нарушений, но, к сожалению, в некоторых подразделениях железной дороги они повторяются.

## Елена КОЛДАСБАЕВА,

Алматы

Так, с начала года в Алматинском регионе допущено 14 случаев нарушений безопасности движения, из них – 3 события и 11 инцидентов. Ревизорским аппаратом региона регулярно проводятся проверки, в ходе которых проверяется качество выполняемых работ, указывается на недостатки и далее систематически контролируется работа «над ошибками».

Мы ежедневно анализируем состояние безопасности на железной дороге, выявляем факторы риска и, соответственно, принимаем меры, которые позволяют исключить те негативные явления, которые могут возникнуть в организации работы железнодорожных предприятий, – говорит главный региональный ревизор Мейрамбек Серикбаев.

По его словам, основная задача – определить объективно, почему произошло происшествие, выявить факторы, способствующие этому, а в дальнейшем разработать мероприятия по недопущению нарушений. Как показала практика, нарушения в основном происходят из-за несоблюдения регламента технологических процессов, недостаточного профессионального уровня непосредственных участников перевозочного процесса, не-



соответствия уровня технических знаний специалистов и, конечно, частой ротации кадров, сменяемости руководящего состава.

Главный ревизор отмечает, что установлен ежемесный контроль над выполнением в полном объеме комиссионных осмотров, систематически заслушиваются руководители станций о принимаемых мерах по недопущению случаев наезда на людей и выхода скота на железнодорожные пути.

Ревизорским аппаратом департамента безопасности движения проведены 374 проверки, в ходе которых выявлено 4 773 нарушения ведения нормативно-технической документации (в 2019 году – 7 461). Приостановлена эксплуатация 23 локомотивов (из ремонта – 10, из эксплуатации – 12, по пожарной безопасности –

1), 22 грузовых вагонов, закрыто 23 станционных пути, 52 стрелочных перевода.

В книгу РБУ-8 внесено 185 замечаний против 211 за аналогичный период прошлого года. Ежемесячно аппаратом РБ проводится мониторинг выполнения структурными подразделениями Алматинского отделения ГП и отделения магистральной сети требований нормативно-технической документации по вопросам содержания объектов железнодорожного транспорта, технических средств, подвижного состава и обеспечения безопасности движения.

Для улучшения ситуации с безопасностью намечен ряд мероприятий. В частности, руководителю необходимо пересмотреть свои подходы к организации работы и грамотному подбору персонала,

особенно среднего звена, направить усилия на снижение роли человеческого фактора за счет организационных мер, поиска альтернативных решений и иных ресурсов. А также повысить ответственность командно-инструкторского состава и локомотивных бригад, своевременно и целенаправленно проводить воспитательно-профилактическую работу, анализ и беседы по предотвращению чаетов. Главное – обеспечить четкое выполнение руководителями должностных инструкций, контроль за работой локомотивных бригад в пути следования, качественную расшифровку скоростемерных лент и кассет регистрации с незамедлительным принятием мер по выявленным нарушениям. Кроме того, установить контроль над качеством техническим обслуживанием объектов электроснабжения железнодорожной сигнализации, централизации и блокировки, устройств электрооборудования для исключения преждевременного выхода их из строя. Обеспечить выполнение работ по планово-предупредительному ремонту устройств контактной сети, высоковольтных линий, а также комиссионных месячных осмотров на станциях.

Безопасное движение поездов всегда было и остается одной из приоритетных задач в работе железнодорожного транспорта. Это не призыв одного дня, а постоянная кропотливая работа, требующая максимальной отдачи от рядовых исполнителей до руководителей предприятий и строгий контроль, – отметил Мейрамбек Серикбаев.

Фото автора

## В ТРУДОВОМ РИТМЕ

## УСИЛИТЬ КОНТРОЛЬ

В декабре много «красных» дней в календаре, но железнодорожникам нельзя терять бдительности. В будние дни работа предприятий Семейского отделения магистральной сети по Оскеменскому региону ведется в плановом порядке, а во время праздников здесь усиливаются контроль и бдительность.



## Ольга УШАКОВА,

Усть-Каменогорск

– Перед праздниками обычно приходят телеграммы из Дирекции магистральной сети об усилении контроля, необходимости обходов на дистанциях пути, объездах руководителей предприятий, которые входят в НЖС, – говорит главный специалист отдела безопасности Семейского отделения магистральной сети по Оскеменскому региону Эльдар Рапиков. – Железная дорога – это стратегический объект, в будни здесь днем и ночью ведется дежурство, все на контроле. А в праздники, когда многие работники отдыхают, усиливается контроль среди первых руководителей и руководителей среднего звена.

По словам Эльдара Рапикова на праздники все организации делают у себя графики об усилении объездов и обходов по всему участку железной дороги.

– Мы всегда готовы. Объезды

у путейцев осуществляются руководителями среднего звена, первыми руководителями. На всех других предприятиях назначается ответственный дежурный, и он все время находится на телефоне, держит обстановку на контроле. При обнаружении нарушений безопасности или неисправностей – разбирается, – говорит он.

По информации Эльдара Рапикова, в этом году пока погода балует. Начались холода и морозы, но обильных снегопадов еще не было. К слову, к работе в зимних условиях предприятия готовы на 100%.

Напомним, в состав Семейского отделения магистральной сети по Оскеменскому региону входят такие основные предприятия, как Защитинская и Серебрянская дистанции пути, Защитинская дистанция сигнализации и связи, Семейская дистанция электрооборудования по Оскеменскому региону

Фото автора

## ИТОГИ



## ВЫПОЛНИЛИ ДОСРОЧНО

Запланированный объем перевозок Организации сотрудничества железных дорог (ОСЖД) на 2020 год между пограничными станциями Казахстана и Китая – 19 500 000 тонн – в ноябре выполнен досрочно. Этому способствовала слаженная и умелая работа всех подразделений станций Достык и Алтынколь.

## Елена КОЛДАСБАЕВА,

Алматы

Грузооборот составил 19 508 886 тонн, из них на экспорт – 12 706 590 тонн, по сравнению с аналогичным периодом прошлого года этот показатель увеличен на 147%, импорт достиг 6 802 299 тонн, или 124% к 2019 году.

Превысил прошлогодний уровень и объем перевозок контейнерными поездами сообщением Китай – Европа – Китай. Только с начала текущего года в направлении Китай – Европа (Достык – Саяк) пропущено 1 596 контейнерных поездов, 790 контейнерных поездов направлением Китай – Европа (через Алтынколь – Отар), 911 поездов – Китай – Азия (Алтынколь – Отар).

В Алматинском отделении грузовых перевозок отметили хорошую работу диспетчерского аппарата.

– Прodelана колоссальная

работа, и, несмотря на сложности карантинного периода, все задачи выполнены. Надеюсь, что результаты будут идти только по восходящей. Здесь трудятся грамотные специалисты, от которых требуется постоянное внимание, способность воспринимать и удерживать в памяти большой объем информации, быстро принимать решения, при этом сохранять самообладание и выдержку в экстремальных ситуациях, – отметил первый заместитель директора Алматинского отделения грузовых перевозок Алмат Дусекеев.

Работники отделения прилагают максимум усилий для выполнения производственных задач. Отделение четко координирует вопросы перевозочного процесса в южной столице и за ее пределами, являясь одним из ведущих транспортных предприятий национальной компании «Казакстан темір жолы».

Фото автора

## АНТИКОРРУПЦИЯ

## ЗАДАЧИ ПЕРВОСТЕПЕННОЙ ВАЖНОСТИ

В филиале ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Акмолинское отделение ГП» в рамках взаимодействия с проектным офисом «Адал жол» прошло онлайн-совещание по антикоррупционным вопросам с участием начальников станций, эксплуатационных локомотивных и вагонных депо.

## Надежда НОВИЦКАЯ,

Кокшетау

Организатором онлайн-встречи выступило Акмолинское отделение ГП совместно с областным департаментом Агентства РК по противодействию коррупции.

Участников ознакомили с антикоррупционной политикой на железнодорожном транспорте и внесенными изменениями и дополнениями в некоторые законодательные акты РК по вопросам противодействия коррупции. Кроме того, на совещании рассмотрены вопросы по внедрению комплаенс-службы, проведения внутреннего анализа коррупционных рисков, взаимодействия в рамках проектного офиса «Адал жол» и ряд других в целях обеспечения открытости и прозрачности в квазигосударственном секторе.

Директор Акмолинского отделения ГП Айнабек Жукашев отметил, что в Послании Главы государства Касым-Жомарта Токаева народу Казахстана от 1 сентября 2020 года указано, что борьба с коррупцией становится более системной. Больше внимания стало уделяться причинам появления коррупции.

ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки», поддерживая антикоррупционную политику государства, также проводит работу, направленную на искоренение причин появления коррупции. Например, для исключения человеческого фактора в январе 2021 года будет

внедрена автоматизация формирования ведомостей подачи/уборки вагонов на пилотном участке, а также рассмотрена возможность автоматизации простоя вагонов на станционных путях.

Не последняя роль отводится и работе с трудовым коллективом – до сведения работников доводятся нормы и новеллы антикоррупционного законодательства Казахстана.

– В целях профилактики коррупционных правонарушений в Акмолинском филиале ГП проведение антикоррупционных мероприятий с его работниками включено в цели и задачи на 2020 год, – отметил Айнабек Жукашев.

Руководитель департамента Агентства РК по противодействию коррупции по Акмолинской области Мурат Тюлеубаев, в свою очередь, довел до участников собрания, что в целях дальнейшего совершенствования системы государственной службы и противодействия коррупции в прошлом году Указом Главы государства №12 Национальное бюро по противодействию коррупции преобразовано в Агентство РК по противодействию коррупции (антикоррупционную службу).

– Согласно указу, оно является независимым правоохранительным органом, наделенным исключительными компетенциями в противодействии коррупции, в то время как ранее Национальное бюро было



ведомством в составе Агентства РК по делам государственной службы и противодействию коррупции. Антикоррупционная служба призвана усилить борьбу с коррупцией и повысить эффективность ее предупреждения, – сказал Мурат Тюлеубаев.

Однако он отметил, что несмотря на преобразование компетентных органов, искоренение коррупции невозможно без объединения усилий государственных органов, бизнеса, неправительственного сектора и граждан с активной гражданской позицией.

В этом плане весьма актуальна Антикоррупционная стратегия РК на 2015-2025 годы, одной из целей которой является вовлечение в антикоррупционное движение всего общества путем создания атмосферы нулевой терпимости к любым коррупционным проявлениям.

Следует отметить, что в настоящее время в Казахстане действует общественный фонд «Транспаренси Казахстан», являющийся неправительственной некоммерческой организацией. Он сосредоточивает усилия на проведении исследований и выработке рекомендаций по искоренению коррупции на системном уровне.

– При поддержке граждан, представителей бизнеса и государственных структур Транспаренси Казахстан содействует обеспечению

большей прозрачности Правительства и общества, снижению уровня коррупции, – сказал в своей речи Мурат Тюлеубаев.

Он обратил особое внимание участников на то, что по поручению Елбасы в масштабах всей страны под брендом Adaldyq alau созданы антикоррупционные проектные офисы. Сегодня Adaldyq alau является мостом, объединяющим усилия государства и общества в деле борьбы с коррупцией.

В рамках проекта реализуется ряд задач, направленных на искоренение бытовой коррупции, создание комфортных условий для населения, обеспечение открытости, прозрачности и подотчетности государственного аппарата. В сфере железнодорожного транспорта, в том числе грузовых перевозок, в данное время действует проектный офис «Адал жол», который открыт в рамках соглашения между структурными подразделениями АО «НК «ҚТЖ» и Агентством РК по противодействию коррупции. Его деятельность направлена на сотрудничество по противодействию коррупции на железнодорожном транспорте.

В завершение встречи Айнабек Жукашев призвал присутствовавших к строгому соблюдению антикоррупционного законодательства страны.

Фото автора

«Қазақстан темір жолы» ұлттық компаниясы» акционерлік қоғамының «Қызылорда магистральдық желі бөлімшесі» филиалы директорының экономика және қаржы жөніндегі орынбасары Ғалымжан Исағалиұлы Жұмағұлова анасы

Смайлова Кеніштің қайтыс болуына байланысты әулеттеріңіздің орны толмас ауыр қайғысын бөлісіп, көңіл айтады.

БАЙҚАУ

# СТАНЦИЯ КЕЗЕКШІЛЕРІ СЫНҒА ТҮСТІ

Бөлімше теміржолшыларының кәсіби шеберлігін арттырып, пойыздардың қауіпсіз қозғалысын сақтауды жетілдіре отырып озық тәжірибені насихаттауды мақсат тұтқан «Кәсібі бойынша үздік» сайысының қорытындысы шығарылды.

**Сабырхан СЕЙІЛБЕКҰЛЫ,**  
Қызылорда

Қызылорда ЖТ бөлімшесінің бас инженері Құлхан Белкібаев, Техникалық бөлім басшысы Жарықбек Рсымбетов, кәсіподақ ұйымы төрағасы Мұхтар Көпірбаев, оқыту шебері Сәбит Нұрманов және Базарқұл Қалымбетова секілді тәжірибелі теміржолшылардан құралған қазылар алқасының төрелігімен ең жоғары балл жинаған Қызылорда станциясының кезекшісі Рүстем Құрманғазиев «Кәсібі бойынша үздік» атанды.

ҚТЖ компаниясы басшылығының ағымдағы жылдың қазан айының 13-дегі ГПИП/10231-И нөмірлі тапсырмасына сай қазан-қараша айларында кезек-кезеңмен сатылап өткізілген кәсіби сынға сайысы әр саланың өз үздігін анықтады. Дүбірлі додаға бөлімше теміржолшылары түгел атсалысты десек, артық айтқандық емес. Себебі, кәсіпін үздігін анықтау «бір терінің пұшапты илеген» саланың майталмандарының әрқайсысының өзіндік шебер-



лігі мен алғырлығын, кез келген қиын сәттерден сытылмай жол таба білетін біліктілігін, бір теміржолшының ағаттығы үшін бүкіл аймақтың имиджіне сына болуы ықтимал тұстардан сүрінбей өте білуі сыңға түскен шараға әр мекеме үкілеген үміткерін байгеге қосты.

– Кәсібі бойынша үздік конкурсының екінші кезеңіне өткен Қызылорда станциясының кезекшісі Рүстем Құрманғазиев, К.Сарманов пен Нұрлан Бадратов, Қазалы бекетінен Азамат Дәрібаев, Төретаман Нұрсұлтан Құнтуаров,

Белкөвден Б.Назаров – бірнеше жылдан бері жұмыс жасап келе жатқан тәжірибелі мамандар. Бірнеше кезеңнен құралған сайыста олар өздерінің нағыз үздік, кәсіби теміржолшы екендігін дәлелдей білді. Аталған сайыс бөлімше теміржолшыларының кәсіби маман болып қалыптасуына жағымды әсерін байқатты. Үміткерлер тәжірибелерін шыңдай түсті, – дейді оқыту шебері Сәбит Нұрманов.

Компания басшылығының телеграфтық нұсқасына орай бөлімше директорының аймақ бойынша бұйрығы жарияланды,

# ДӘУРЕНБЕК – ҮЗДІК БЕЛГІ БЕРУШІ



«ҚТЖ» ҰҚ» АҚ Ақтөбе бөлімшесінде «Үздік белгі беруші» байқауы өтті. Техникалық дайындықтың сапасы мен тиімділігін арттыру, білім деңгейін көтеру, стандартты емес жағдайлардағы қызметкерлердің іс-әрекетін бақылау мақсатында өткен шарада 50-ге жуық теміржолшы бақ сынады.

**Ардақ ЕРУБАЕВА,**  
Ақтөбе

Елдегі індет жағдайына байланысты теміржолшылар арасында өткен байқауда сақтық шарасы ескерілді. Ынта мен жігерді арттыруды көздеген шара жеңімпаздары

Ақтөбе ЖТ бөлімі басшысының қабілдеуінен болды.

«Қазақстан темір жолы – ірі тасымалдаушы ғана емес, экономика саласында заман талабына сай индустриялық-инновациялық компания. Жолаушылардың қауіпсіздігі, қозғалыс жылдамдығы,

жолаушылардың көңіл күйіне дейін тасымалдаушылар жұмысына тікелей байланысты. Байқаудың да мақсаты осы. Қозғалыс қауіпсіздігіне тікелей жауапты белгі берушілердің біліктілігін жетілдіру, ынтасын арттыру», – деді Ақтөбе жүк тасымалы бөлімінің басшысы Бәріхан Беркімбаев.

Ақтөбелік теміржолшылар арасындағы үздік белгі берушіні анықтауға арналған байқау 15 қазан мен 15 қараша аралығында өтті. Пойыздардың қозғалысына байланысты жұмысшылар арасындағы біліктілікті бағалау үш кезеңнен тұрды. Бірінші кезеңде филиалдың 46 қызметкері «Roll For All» мобильді қосымшасымен онлайн дауыс беру арқылы конкурсанттарды іріктеуге қатысты. Дауыс беру нәтижесінде іріктелген 10 белгі берушіге байқаудың 2-кезеңіне қатысуға рұқсат берілді. Олар «Мен – белгі берушімін», «Станциядағы белгі берушінің бір күні», «Белгі беруші – пойыз қозғалысы қауіпсіздігінің кепілі» тақырыбындағы блич-

сайыс бірнеше кезеңнен өтетіндігі белгілі болған. Алғашқы сатысында 17 үміткер онлайн дауыс беру арқылы таңдалып, ең көп дауыс жинаған алты үміткер доданың екінші кезеңіне жолдама алған. Үміткерлер бұл сатыда шеберліктерін «Мен станция кезекшісімін», «Бекет кезекшісінің бір күні» және «Станция кезекшісі – пойыздар қозғалысы қауіпсіздігінің кепілі» тақырыбына бейнеролик түсіріп сынға түскен. Осы кезеңде үміткерлер тиісті ережелерге сауаттылық (ИДП, ПТЭ, ИСИ) емтиханынан өтіп, түрлі тосын жағдайларға қатысты блич-сауалдан өткен.

Сайыстың соңғы сатысында үміткерлерге жасырын берілген кескін бейнеден қандай мағынаны меңзейтін сурет берілгендігін анықтау тапсырмасы берілген. Мұнда да үміткерлер сауалдардың дәл және нақты жауабын беріп, нашар балл алғаны болған жоқ.

Сонымен бір ай бойы станция кезекшілері арасында үздікті анықтау конкурсында жауапты анық, нақты және толық жеткізе білген үздіктер анықталып, жүлделі 3-орынды Төретаман станциясының кезекшісі Нұрсұлтан Құнтуаров, 2-орынды қазалылық кезекші Азамат Дәрібаев, ал бірінші орын Қызылорда станциясының кезекшісі Рүстем Құрманғазиев иемденді.

Суретті түсірген автор

сауалнамаға қатысты. Ал үшінші кезеңде өткен сегіз қызметкер «MICROSOFT LYNC» бағдарламасы арқылы оқыс оқиға кезінде тығырықтан шығу жолдарын көрсетті.

Байқау жеңімпазы ең жоғары балл алған 26 жастағы Қандығаш станциясының белгі берушісі Дәуренбек Жұмбаекұлы болды.

«2018 жылдан бері Қандығаш станциясында еңбек етемін. Жұмысым ұнайды, теміржолшы мамандығын таңдағанымды мақтан етемін. Әскерилендірілген тәртіпке бағынатын теміржолшылар қауіпсіздікке аса сақтықпен қарайды. Мен де соның бірімін», – дейді Дәуренбек.

Байқау қорытындысы бойынша 2-орынды Шалқар станциясының белгі берушісі Ильмира Төпешова иеленсе, 3-орынды Жіңішке станциясының белгі берушісі Ержан Рахымов алды. Байқаудың барлық кезеңдерінде ең жақсы ұпай жинаған жеңімпаздарға дипломдар беріліп, тұрмыстық техника тарту етілді.

Мұндай байқаулар теміржолшылардың кәсіби біліктілігін үнемі жетілдіріп отыруына ықпал ететіні сөзсіз.

Суретті түсірген автор

ТЕХНИЧЕСКАЯ БИБЛИОТЕКА

# ЧТОБЫ ПОМНИЛИ ПРОШЛОЕ

К Дню Первого Президента техническая библиотека станции Костанай Центра научно-технической информации и анализа филиала АО «НК «ҚТЖ» – «Костанайское отделение магистральной сети» пополнилась книгами из личного книжного фонда Почетного железнодорожника, ветерана отрасли Александра Стародуба.

В дар технической библиотеке Александр Васильевич передал 34 книги – технические, художественные, те, что помогали ему в работе на железной дороге.

– Даря эти книги, я хочу, чтобы нынешнее поколение железнодорожников знало свою историю и героев казахстанской железной дороги, – говорит Александр Стародуб. – Ведь у того, кто не помнит прошлого, – нет будущего. А у нашего коллектива, я уверен, большое и светлое будущее.

Александр Васильевич – один из самых старейших работников железной дороги из Костанайской области, сейчас ветерану 85 лет. Его трудовая путь в сфере железнодорожного транспорта составил почти полвека. Сорок семь лет – именно столько Александр Стародуб отдал работе в АО «НК «ҚТЖ».

Профессионал и специалист, он стоял у самых истоков развития компании. В 1958 году, окончив Новосибирский институт железнодорожного транспорта, Александр Стародуб был направлен на Карагандинскую железную дорогу и назначен дежурным по станции Караганда. Молодого, но хваткого специалиста сразу заметили и довольно скоро пригласили в Карагандинское отделение дороги на должность старшего инженера. Затем

он работал поездным диспетчером и ревизором по безопасности. Это был опыт уже другого поколения: нужно постоянно быть на линии, знать людей, начальников станций и всех работников участка железной дороги. За пару лет в этой должности, говорит Александр Васильевич, он получил серьезный опыт по укреплению дисциплины, ведь в те времена многое держалось именно на ней.

– Когда я начал, были паровозы старые вагоны рельсы легкого типа, – вспоминает Александр Васильевич. – Не было автоблокировки. Была телефонная связь организации движения. Когда я уже работал главным инженером станции Караганда-Сортировочная, помню, в смену только одних стрелочников выходило по 50-60 человек. И сама Караганда-Сортировочная тогда была маленькая, а теперь ее длина составляет 8 километров. Она менялась на моих глазах.

С тех времен, говорит Александр Стародуб, многое изменилось, внедрены современные технологии, труд стал автоматизированным. Но в памяти почему-то больше остались самые первые, трудные годы. В Карагандинском отделении Александр Васильевич проработал 19 лет, дойдя до должности заместителя начальника Карагандинского отделения дороги. Затем опытного специалиста направили на Западно-Казахстанскую железную дорогу, где он также в должности заместителя начальника дороги проработал 7 лет. А в 1984 году Александра Стародуба назначили первым заместителем начальника Целинной железной дороги. В 1986 году он возглавил Целинную дорогу и проработал в должности начальника 9 лет, вплоть до выхода

на заслуженный отдых в 1995 году. Став пенсионером, Почетный железнодорожник вернулся в родные края – в Костанай.

– Здесь, в Костане, моя родина, здесь, в селе Мечетное Камыстинского района, я родился и вырос, здесь теперь живут мои дети. А вторая моя родина – это, конечно же, железная дорога, с которой связана вся жизнь. И я рад своей жизни, честному труду, достижениям, успехам и всему, что дала мне железная дорога. А это для меня самое главное, – говорит он.

Среди книг, подаренных Александром Васильевичем технической библиотеке станции Костанай в честь декабрьских праздников, – «Стальные магистрали Сары-Арки», изданная к 75-летию ввода в эксплуатацию железнодорожной линии Акмолинск – Караганда в 2006 году. А также такие издания, как «Казахская железная дорога. 1958-1977», «Судьба моя – железная дорога», «Талантливый көркейген құштарлық – Преданность, умноженная на талант», сборник «О себе и о ней – железной дороге», «Актуальные проблемы железнодорожного транспорта Казахстана». Здесь же, в подаренной коллекции книг, имеется «Тәуелсіз Қазақстан темір жол көлігі. Железнодорожный транспорт независимого Казахстана», вышедшая к 110-летию железной дороги Казахстана, издание 2010 года под названием «История транспорта и коммуникаций Казахстана» и многие другие.

На сегодня книжный фонд технической библиотеки станции Костанай насчитывает 14 742 экземпляра. Библиотеку регулярно посещают 187 читателей из числа работников станции. Главный библиотекарь Мендыгуль Дюсекеева отметила, что книги, подаренные Александром Стародубом, заметно обогатили фонд библиотеки.

Аслан КУДАБАЕВ, Костанай



КАШКИМБАЕВА ЖАНАТА БУЛЛОНОВИЧА – исполнительного директора по эксплуатации филиала АО «НК «ҚТЖ» – «Дирекция магистральной сети» (1 декабря);

КУДИЯРОВА РАИМБЕКА КЕРИМБЕКОВИЧА – главного инженера филиала АО «НК «ҚТЖ» – «Алматынская дистанция защитных лесонасаждений» (1 декабря);

СЕЙІЛХАНОВА САҒЫНА ТЕМИРХАНОВИЧА – главного инженера филиала АО «НК «ҚТЖ» – «Атырауское отделение магистральной сети» (1 декабря);

АМАНОВА ЕРДЕНА ТИЛГҮБЕРЛИНОВИЧА – заместителя директора филиала (по логистике) ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Костанайское отделение ПТ» (1 декабря);

ТАКИШЕВА АМИРА БАРАМБАЙЕВИЧА – начальника Екибастузского эксплуатационного локомотивного депо филиала ТОО «КТЖ – Грузовые перевозки» – «Павлодарское отделение ПТ» (2 декабря);

ТҮМЕНГҮЛИ БЕЙБИТА СЕРИККАЗЫБЕВИЧА – начальника Семейской дистанции сигнализации и связи филиала АО «НК «ҚТЖ» – «Семейское отделение магистральной сети» (3 декабря);

АБДРАСИМОВУ АЙНАГУЛЬ МАДЕНОВНУ – старшего верстальщика газеты «Казахстан теміржолшысы» (3 декабря).

КАК ЖИВЕШЬ, СТАНЦИЯ?



# РАЗВИТИЕ И ПЕРСПЕКТИВЫ

Работники станции Шокай Осакаровского района Карагандинской области к холодам готовы. Прошедший осенний комиссионный осмотр показал хорошее состояние железнодорожного пути и стрелочных переводов. Сотрудники обеспечивают безопасную и бесперебойную работу движения поездов в путевом хозяйстве.

Станция Шокай – четвертого класса, считается промежуточной и имеет протяженность около 3 километров. На железнодорожном узле сконцентрированы все стратегически важные службы – дистанция пути, сигнализация и связи, электроснабжения и эксплуатационное вагонное депо.

По словам начальника станции Талгата Оспанова, объект сам по себе небольшой, но весьма значимый. Через Шокай проходит поездка в направлении столицы, Алматы и Караганды.

– Весной следующего года запланирована погрузка зерна, – делится позитивной новостью Талгат Оспанов. – Несмотря на карантин, работа проводится в прежнем режиме, мы не останавливаемся ни на час. Не так давно коллектив станции пополнился двумя новичками-первозниками. Опытные наставники обучают их всем железнодорожным азам, так что эта зима им вряд ли будет страшна.

Два раза в месяц на станции проходят семинары по безопасности и охране труда. Ответственные лица – начальник станции и руководитель смежных служб.

Недалеко от станции расположен поселок, в котором проживает около 270 человек. Работниками станции Шокай совместно с представителями акимата сельского округа проводится разъяснительная работа с местными жителями по недопущению нахождения скота на железнодорожных путях. Кроме того, сотрудники раздают памятки взрослым и школьникам по профилактике личной безопасности на железнодорожных путях. В памятке говорится о том, что учащимся запрещено перебегать пути перед составами, пролезать под вагонами, прыгать с платформы, бросать снежки и камни в окна поездов. Чаще всего трагические случаи происходят из-за того, что подростки ходят в наушниках или разговаривают по телефону, переходя пути.

– На переездах переходить пути можно только при открытом шлагбауме. Железнодорожники напоминают родителям, что оставлять детей без присмотра и позволять им играть вблизи железной дороги опасно для жизни, – предупреждает Талгат Оспанов.

Светлана МОГАЙ, Караганда  
Фото автора

ҚҰҚЫҚҚОРҒАУ



# ЖАСӨСПІРІМДЕРМЕН ЖҰМЫС ЖҮРГІЗІЛДІ

Ағымдағы жылдың 25-27 қараша аралығында Алматы-1 станциясындағы Желілік полиция басқармасы өз қызметі шарсату аумағында «Жасөспірім» жедел-профилактикалық іс-шарасы өткізді.

Іс-шараның негізгі мақсаты – жасөспірім қылмысын ескерту және алдын алу, көмелетке толмағандарға алкогольдік ішімдіктерді, темекі үнімдерін сату фактілерін, олардың заңды өкілдерінің ілесіп жүруінсіз түнгі уақытта ойын-сауық мекемелерінде және тұрғын үй-жайдан тысқары жерлерде болуын анықтау, олардың құқықтық сауаттылығын арттыру, сондай-ақ көмелетке толмағандарды құқық бұзушылықтар мен қылмыстарды жасауға бейімдейтін тұлғаларды анықтау.

Іс-шара барысында ювеналдық полиция тобы инспекторлары тарапынан рейдтік шаралар жүргізіліп, кешкі уақытта ата-аналарының қадағалауынсыз жүрген 5 жасөспірім анықталды. Сонымен қатар жасөспірімдер тарапынан теміржолдан белгіленбеген жерден өту фактілері де тіркелді.

Екі күн жасөспірімдермен жұмыс жүргізген тәртіп сақшылары мектептерде кезекші сыныптар сабақ оқи бастағандықтан «балалардың жарқақталуы, теміржол арқылы өту ережесі» тақырыптарында теміржолға жақын орналасқан елді мекендер тұрғындарына түсіндіру жұмыстарын ұйымдастырды.

Жігер ӘШІМ, Алматы

ОБЪЯВЛЕНИЕ

Акционерное общество «Национальная компания «Қазақстан темір жолы» информирует, что Приказом Председателя Комитета по регулированию естественных монополий Министерства национальной экономики от 27 ноября 2020 года № 70-ОД утверждены тарифы, тарифная смета и ценовые пределы на регулируемые услуги магистральной железнодорожной сети на период 2021-2025 годы. Тарифы вводятся с 01 января 2021 года.

Подробная информация находится на сайте [www.railways.kz](http://www.railways.kz)

**NJM**  
NUR MEDIA

КАЗАҚСТАН  
**ТЕМІРЖОЛШЫСЫ**

«Нур-Медиа» ЖШС Бас директоры  
**Болат КАЛЬЯНБЕКОВ**

Бас редактор  
**Руслан РАХМЕТОВ**

Бас редактордың орынбасары  
**Мерuert ӨМІРЗАҚОВА**

Редакцияның мекен-жайы: Нұр-Сұлтан қ., Д.Қонаев көшесі 12/1, 507-кеңсе.  
Тел.: 8 (7172) 94-57-93, 94-55-34, 94-40-37, 94-42-09, 94-52-88, railnews@mail.ru

Газет басылған қалалар:  
Нұр-Сұлтан, Сілеп 20 «Медиа-холдинг» «ERUN» ЖШС  
Ақтөбе, Синагулов көш., 9/2 «Хабар-Сервис» ЖШС  
Шымкент, Әлімқұлов көш., 22 «ERUN Print» ЖШС

Басылғанын таралымы 23 776

Газет тарату және жеткізу қызметімен «Нур-Медиа» ЖШС айналасында  
Ф.Жарнама, Жарнама мәліметіне жарнама беруші жауап береді.  
© «Қазақстан теміржолшысы» газетінде жарияланған материалдарды  
өзіндік немесе өңделген басу үшін редакцияның жазбаша рұқсаты алынмай,  
газетке сілтеме жасалуы мүмкін.  
Редакция авторлар мақаласы мен жарнама мазмұнына жауап бермейді.

Кезекші редакторлар: Л. Рояба, Р. Рахметова

Меншікті тілшілер:  
Алматы: Елпана Құрашбаева 8-701-794-98-80  
Астана: Динара Жолдасбаева 8-701-776-07-05  
Атырау: Қосым Мұхамбет 8-778-964-09-66  
Шымкент: Жанас Сидықбай 8-707-395-17-18  
Шығыс Қазақстан: Ольга Уланова 8-777-203-51-87  
Жаңбыл-Ақсу Районы: 8-700-330-01-53  
Маңғыстау: Шайкыра Жұманова 8-707-886-72-45  
Орал: Аяна Пышпалова 8-707-910-74-17  
Қызылорда: Сабина Қардасбаева 8-778-409-78-59  
Семей: Құраш Құраев 8-775-710-70-53  
Караганда: Светлана Мораев 8-777-893-66-76  
Костанай: Асия Қарбаева 8-705-261-44-00  
Павлодар: Айдана Ертай 8-747-535-21-59  
Ақтөбе: Айдана Елубаева 8-702-843-21-97  
Келіспе: Надежда Новак 8-701-854-38-27

Газетті тарату жөніндегі менеджер Асель Распаева, тел.8 (7172) 94-52-88, 8 775 198 15 61, e-mail: raspayeva.assel@mail.ru

Жарнама жөніндегі менеджер Жәніель Сағындықова, тел.8 (7172) 24-95-44, e-mail: reklama\_hit@mail.ru

Қазақстан Республикасы Баспасөз және бұқаралық ақпарат ісі жөніндегі Улттық агенттігінде тіркеліп, 1997 жылдың 30 шілдесінде №601 тіркесу куәлігі берілді.